

Казталов аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 20-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 тамызда № 7425-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Казталов аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С. Мулдашев

2024 жылғы 22 тамыздағы № 20-3
шешіміне қосымша

1. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 15 мамырдағы №22-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5206 болып тіркелген) шешімі;

2. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 мамырдағы № 22-5 "Казталов ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы " 2021 жылғы 8 қазандағы №9-3 шешімі;

3. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 мамырдағы № 22-5 "Казталов ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы " 2021 жылғы 21 желтоқсандағы №12-3 шешімі.